

2006 жылғы 1 қаңтардағы¹ банк секторының ағымдағы жағдайы (қорытынды айналымдарын ескерместен)

Қазақстанда 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша екінші деңгейдегі банктердің саны 34 болды, оның ішінде Алматы қаласында 28 банк, банктердің 29 филиалы және 230 есеп айырысу-касса бөлімі орналасқан.

Банк секторының құрылымы		01.01.05	01.01.06
1.	Екінші деңгейдегі банктердің саны, оның ішінде:	35	34
	- шетелдің қатысы бар банктер	15	14
	- жарғы капиталында ² мемлекеттің 100% қатысы бар – банктер	1	1 ²
2.	Екінші деңгейдегі банктердің филиалдарының саны	385	418
3.	Екінші деңгейдегі банктердің есеп айырысу-касса бөлімдерінің саны	1106	1312
4.	Екінші деңгейдегі банктердің шетелдердегі өкілдіктерінің саны	11	17
5.	Қазақстан Республикасындағы резидент емес банктердің өкілдіктерінің саны	18	18
6.	Жеке тұлғалардың салымдарына (депозиттеріне) міндетті ұжымдық кепілдік беру (сақтандыру) жүйесіндегі қатысушы банктердің саны	34	33
7.	Кастодиан қызметін жүзеге асыруға лицензиясы бар банктер саны	9	11

Капитал. Екінші деңгейдегі банктердің жиынтықты меншікті капиталының есеп айырысу³ мөлшері ағымдағы жылдың басынан бастап 240,4 теңгеге (69,3%-ке) ұлғайды және 01.01.06ж. жағдай бойынша 587,2 млрд. теңге болды. Сонымен, бірінші деңгейдегі капитал 60,8%-ке 368,4 млрд. теңгеге дейін ұлғайды, ал екінші деңгейдегі капитал 70,3%-ке 218,7 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Меншікті капиталдың динамикасы млрд. теңге	01.01.05	01.01.06	Өсімі %-пен
1-ші деңгейдегі капитал	229,1	368,4	60,8
Жарғылық капитал	161,3	244,7	51,7
Қосымша капитал	16,7	27,2	62,9
Өткен жылдардың бөлінбеген таза кірісі	41,6	73,3	76,2
2-ші деңгейдегі капитал	128,4	218,7	70,3
Бөлінбеген таза кіріс	31,1	70,8	127,7
Реттелген борыш	99,3	184,7	86,0
Меншікті капитал барлығы	346,8	587,2	69,3

2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша банк секторы меншікті капиталының тепе-теңдік көрсеткіштері негізінен өзгерген жоқ және k1 - 0,082 (0,06 нормативі кезінде), k2 - 0,150 (0,12 нормативі кезінде) болды.

Меншікті капитал тепе-теңдігінің көрсеткіштері Показатели адекватности собственного капитала	01.01.05	01.01.06
Бірінші деңгейдегі меншікті капиталдың жиынтық активтерге қатынасы (k1)	0,08	0,08
Тәуекел дәрежесі бойынша салмақталған баланстан тыс міндеттемелерге және активтерге меншікті капиталдың қатынасы (k2)	0,16	0,15
Меншікті капиталдың несие портфеліне қатынасы	0,19	0,19
Меншікті капиталдың құрылған провизияларға қатынасы	2,86	3,41
Меншікті капиталдың күмәнді кредиттерге қатынасы	0,47	0,48
Меншікті капиталдың үмітсіз кредиттерге қатынасы	6,68	8,57

Активтер. 2005 жылы банктердің жиынтық активтерінің мөлшері 1 827,6 млрд. теңгеге (68,0%-ке) ұлғайды және есепті күнге 4 515,1 млрд. теңге болды.



Банк секторының жиынтық активтерінің динамикасы және құрылымы	01.01.05		01.01.06		Өсім %-пен
	млрд. теңге	% -пен жиынтығы	млрд. теңге	% -пен жиынтығы	
Қолма-қол ақша	55,0	2,0	88,0	1,9	60,0
Корреспонденттік шоттар	149,9	5,6	243,2	5,4	62,2

Бағалы қағаздар	465,5	17,3	651,7	14,4	40,0
Басқа банктерге орналастырылған салымдар	85,0	3,2	345,6	7,7	306,6
Банкаралық заемдар	105,1	3,9	108,2	2,4	2,9
Клиенттерге берілген заемдар	1 707,8	63,5	2 953,8	65,4	73,0
Капиталға инвестиция және реттелген борыштар	13,8	0,5	26,7	0,6	93,5
Негізгі құрал – жабдықтар және материалдық емес активтер	44,8	1,7	55,8	1,2	24,6
Басқа активтер	60,6	2,3	42,1	0,9	-30,5
Активтердің барлығы	2 687,5	100	4 515,1	100,0	68,0

Банктер активтерінің құрылымында банкаралық (65,4%) бағалы қағаздар портфелі (14,4%), басқа банктерде орналастырылған салымдардан (7,7%) басқа заемдар үлкен үлес алады. Активтердің өсуі негізінен басқа банктерде орналасқан салымдар бойынша шоттарындағы қалдықтардың - 260,6 млрд.теңгеге немесе 4,0 есеге және клиенттерге берілген заемдар – 1 246,0 млрд. теңгеге немесе 73,0%-ке және бағалы қағаздар – 186,2 млрд.теңгеге немесе 40,0%-ке ұлғаюы есебінен болып отыр.

2005 жылы жіктелуге жататын активтер мен шартты міндеттемелер мөлшері есепті күнге 2 100,1 млрд. теңгеден (63,2%) 5 421,1 млрд.теңгеге дейін ұлғайды.


Сонымен қатар, сапасы бойынша активтер және шартты міндеттемелердің жіктелуінде айтарлықтай өзгерістер болған жоқ. Стандартты активтердің және шартты міндеттемелердің үлес салмағы 72,3%-тен 73,3%-ке дейін ұлғайды, күмәнділері 26,0%-




тен 25,4%-ке дейін кеміді, үмітсіз активтер және шартты міндеттемелер үлесі -1,7%-тен 1,3%-ке дейін қысқарды.

Активтердің және шартты міндеттемелердің сапасының динамикасы	01.01.05		01.01.06	
	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтық % -пен	негізгі борыш сомасы, млрд. теңге	жиынтық % -пен
Активтер және шартты міндеттемелер барлығы	3 321,0	100	5 421,1	100
Стандартты	2 401,7	72,3	3 971,4	73,3
Күмәнді	863,4	26,0	1 378,2	25,4
<i>1 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	692,5	20,9	1 132,5	20,9
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	28,7	0,9	38,8	0,7
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	98,0	2,9	142,6	2,6
<i>4 санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	17,7	0,5	28,7	0,5
<i>5 санатты күмәнді</i>	26,5	0,8	35,6	0,7
Үмітсіздер	55,9	1,7	71,5	1,3

01.01.2005ж. жағдай бойынша сапа жөніндегі несие портфелінің құрылымы (%)



01.01.2006ж. жағдай бойынша сапа жөніндегі несие портфелінің құрылымы (%)



Қаралып отырған кезең ішінде банктердің кредит портфелі құрылымында стандартты кредиттер үлесі 56,2%-тен 58,2%-ке ұлғайды, күмәнділердің үлесі 40,9%-тен 39,5%-ке дейін кеміді, үмітсіздердің үлесі –2,9%-тен 2,3%-ке дейін кеміді.

Несиелік портфель сапасының динамикасы	01.01.05		01.01.06	
	негізгі борыш сомасы млрд.теңге	жиынтық %-пен	негізгі борыш сомасы млрд.теңге	жиынтық %-пен
Несиелік портфельдің барлығы	1 812,9	100	3 062,0	100
Стандартты	1 019,1	56,2	1 783,2	58,2
Күмәнді	741,9	40,9	1 210,3	39,5
<i>1 санатты күмәнді</i> - төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	578,1	31,9	985,5	32,2
<i>2 санатты күмәнді</i> – төлемдерді кешіктірген немесе толық төлемеген кезде	25,1	1,4	34,3	1,1
<i>3 санатты күмәнді</i> – төлемдерді толық және уақтылы төлеген кезде	95,2	5,2	129,5	4,2
<i>4 санатты күмәнді</i> - төлемдерді кешіктірген немесе уақтылы төлемеген кезде	17,6	1,0	27,2	0,9
<i>5 санатты күмәнді</i>	25,9	1,4	33,8	1,1
Үмітсіздер	51,9	2,9	68,5	2,3

Міндеттемелер. 2005 жылы екінші деңгейдегі банктер міндеттемелерінің жалпы сомасы 1 657,2 млрд.теңгеге (68,6%-ке) өсті және есепті кезеңнің соңына 4 073,4 млрд. теңге болды.

Айналымға жіберілген бағалы қағаздардың 168,7%-ке немесе 273,0 млрд.теңгеге дейін өсімі банк міндеттемелерінің ұлғаюына мейлінше мәнді ықпал етті. Жасалған «РЕПО» операцияларының көлемі 72,2 млрд. теңгеден 163,5 млрд. теңгеге дейін ұлғайды.

Банк секторының жиынтық міндеттемелерінің динамикасы және құрылымы	01.01.05		01.01.06		Өсімі, %-пен
	млрд. теңге	жиынтық %-пен	млрд. теңге	жиынтық %-пен	
Клиенттер алдындағы міндеттемелер ⁴	1 618,5	67	2 532,9	62,2	56,5
Банкаралық депозиттер	79,1	3,3	185,1	4,5	134,0
Қазақстан Республикасы Үкіметінен алынған заемдар	5,4	0,2	3,1	0,1	-42,6
Халықаралық қаржы ұйымдарынан алынған заемдар	19,2	0,8	26,5	0,7	38,0
Банктік операциялардың жекелеген түрлерін жүзеге асырушы ұйымдар мен басқа банктерден алынған заемдар	343,9	14,2	576,8	14,2	67,7

Бағалы қағаздарман операциялары	«РЕПО»					
Реттелген борыштар	72,2	3	163,5	4,0	126,5	
Айналысқа шығарылған бағалы қағаздар	99,3	4,1	184,7	4,5	86,0	
Басқа кредиторлар	101,6	4,2	273,0	6,7	168,7	
Басқа міндеттемелер	49,5	2,1	71,0	1,7	43,4	
Міндеттемелердің барлығы	2 416,2	100	4 073,4	100	68,6	



2005 жыл ішінде клиенттердің салымдары⁵ 915,2 млрд.теңгеге немесе 56,9%-ке өсті және 2006 жылы 1 қаңтарда 2 523,0 млрд.теңге болды.

2005 жылдың басынан бастап жеке тұлғалардың салымдары 33,2%-ке немесе 121,8 млрд.теңгеге өсті, талап ету салымдары бойынша 18,0%-ке қалдықтардың ұлғаюы есебінен, мерзімді салымдары бойынша 36,7%-ке, ағымдағы және карт-шоттарындағы 38,6%-ке өсті.


№	Клиенттердің депозиттері	01.01.05г.		01.01.06г.		Прирост, в %	
		Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында	Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында	Барлығы	Оның ішінде шет. валютасында
1.	Салымдардың барлығы оның ішінде.:	1 607,8	917,4	2 523,0	1 584,3	56,9	72,7
2.	Заңды тұлғалардың салымдары, оның ішінде.:	1 159,8	724,7	1 926,2	1 299,8	66,1	79,4
	Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдарымен клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	756,7	498,7	1 319,5	993,7	74,4	99,3
	Талап ету бойынша салымдар	5,0	1,2	7,3	2,8	46,0	133,3
	Мерзімді салымдар	396,5	223,8	597,0	301,7	50,6	34,8
	Шартты	1,6	1,0	2,4	1,6	50,0	60,0
3.	Жеке тұлғалардың салымдары, оның ішінде:	448,0	192,7	596,8	284,5	33,2	47,6
	Клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары	60,3	15,6	83,6	24,8	38,6	59,0
	Талап ету бойынша салымдар	16,7	6,9	19,7	9,1	18,0	31,9
	Мерзімді салымдар	360,3	161,5	492,7	250,3	36,7	55,0
	Шартты	10,7	8,7	0,8	0,3	-92,5	-96,6

Өз кезегінде заңды тұлғалардың салымдары 66,1%-ке, оның ішінде мерзімді депозиттер - 50,6% (200,5 млрд. теңге) және клиенттердің ағымдағы және карт-шоттары

74,4%-ке (562,8 млрд. теңгеге) өсті, талап ету бойынша салымдар бойынша қаражат сомасы 46,0%-ке азайды.

Өтімділік. 2005 жылы банк жүйесінің өтімділік деңгейі жоғары деңгейде сақталды. 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша ағымдағы өтімділіктің жиынтық коэффициенті жеке банк үшін барынша төмен 0,3 нормасы кезде 1,037 болды, қысқа мерзімді өтімділік коэффициенті барынша төмен 0,5 мөлшері кезде 0,950 болды.

Динамика уровня ликвидности банковского сектора



Кірістілік. 2006 жылғы 1 қаңтарда екінші деңгейдегі банктер кіріс салығын төлегеннен кейін 73,3 млрд. теңге мөлшерінде (2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 31,7 млрд. теңге) жиынтық таза кіріс алды. Кірістердің жиынтық мөлшері 430,4 млрд. теңге болды (2004 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша – 286,4 млрд. теңге), шығыстар – 362,4 млрд. теңге (2004 жылғы 1 желтоқсандағы жағдай бойынша – 250,5 млрд. теңге) болды.

Мынаны атап өткен жөн, 2005 жылы банктер өткен жылдың осыған ұқсас кезеңімен салыстырғанда табыс салығы төленгеннен кейінгі 131,2%-ке көп таза кіріс алды.

Банк секторының кірістілігі, млрд. теңгемен	01.01.05	01.01.06	Өзгеріс (+;-), %- пен
Сыйақы алуға байланысты кірістер	212,6	342,1	60,9
Сыйақы төлеуге байланысты шығыстар	93,9	180,1	91,8
Сыйақы алуға байланысты таза кіріс	118,7	162,0	36,5
Сыйақы алуға байланысты емес кірістер	110,6	151,1	36,6
Сыйақы төлемін жасауға байланысы жоқ шығыстар	191,3	229,8	20,1
Сыйақы алумен байланысы жоқ таза кіріс (шығын)	-80,7	-78,7	-2,5
Көзделмеген баптар	1,0	-0,6	-
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріс	39,0	82,6	111,8
Табыс салығын төлеуге байланысты шығыстар	7,3	9,3	27,4
Табыс салығы төленгеннен кейінгі таза кіріс	31,7	73,3	131,2

Проценттік кірістер құрылымында клиенттерге берілген заемдар бойынша (86,6% немесе 296,3 млрд. теңге) сыйақының алуға байланысты кірістер біршама көп үлес алды, ал проценттік шығыстар құрылымында – клиенттердің талаптары бойынша (64,9% немесе 116,9 млрд. теңге) төленген сыйақыларға байланысты шығыстар орын алады.

Дилингтік операциялар бойынша таза кіріс 19,3 млрд. теңге болды (2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша – 11,0 млрд. теңге).

Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге (ROA) қатынасы 1,82% (1.01.05ж. жағдай бойынша – 1,45%), болса, табыс салығы төленгенге

дейінгі таза кірістің меншікті капиталына (ROE) қатынасы 14,06% болды (01.01.05ж. жағдай бойынша – 11,26%).

Банк секторының кірістілігін сипаттайтын жиынтық көрсеткіштер Совокупные показатели, характеризующие доходность банковского сектора	01.12.04	01.01.06
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің жиынтық активтерге қатынасы (ROA)	1.45	1,82
Табыс салығы төленгенге дейінгі таза кірістің меншікті капиталға қатынасы (ROE)	11.26	14,06
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық активтерге қатынасы	7.91	7,57
Сыйақы (мүдде) алуға байланысты кірістердің жиынтық несиелік портфелінің кредиттеріне қатынасы	10.13	11,17
Дилингтік операциялар бойынша таза кірістің табыс салығы төленгенге дейінгі таза кіріске қатынасы	28.21	23,36
Сыйақы (мүдде) төлеуге байланысты шығыстардың жиынтық міндеттемелерге қатынасы	3.89	4,42
Жиынтық активтерге резерв жасауға шығыстардың қатынасы	2.71	1,68

Банк секторының шоғырлануы. 2006 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша 3 ірі банктің банк секторының жиынтық активтеріндегі үлесі 62,1%-тен 58,8%-ке дейін кеміді, 3 ірі банктің банк секторының жиынтық міндеттемелеріндегі үлесі 63,5%-тен 59,6%-ке дейін кеміді.

3 ірі банктің банк секторының жиынтықты несиелік портфеліндегі кредиттерінің үлесі 60,7% болды.

Жеке тұлғалар депозиттерінің шоғырлануының кемігендігі байқалады. 01.01.06ж. жағдай бойынша 3 ірі банктің үлесіне екінші деңгейдегі банктердегі жеке тұлғалар депозиттерінің жалпы көлемінің 59,6%-і келсе, 2005 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша осындай көрсеткіш 63,3%-ті құраған.

Жиынтық банк секторынан үлес	01.01.05	01.01.06
Үш ірі банктің активтері	62,1	58,8
Үш ірі банктің міндеттемелері	63,5	59,6
Үш ірі банктің меншікті капиталы	54,1	56,2
Үш ірі банктің несиелік портфелі	66,3	60,7
Үш ірі банктің клиенттерінің ⁵ депозиттері, оның ішінде:	66,0	68,1
- заңды тұлғалардың	67,1	70,7
- жеке тұлғалардың	63,3	59,6

Экономикадағы банк секторының ролі

Қазақстан экономикасындағы банк секторының ролін сипаттайтын қатысты көрсеткіштер динамикасы	01.01.02	01.01.03	01.01.04	01.01.05	01.01.06
ЖІӨ	3 250,6 млрд.тенге	3 747,2 млрд.тенге	4 449,8 млрд.тенге	5 542,5 млрд.тенге	7 300 ⁶ млрд.тенге
Активтердің ЖІӨ-ге қатынасы, %	25,1	30,6	37,7	48,5	61,8
Несие портфелінің ЖІӨ-ге қатынасы, %	15,9	19,1	24,4	32,7	41,9
Меншікті капиталдың ЖІӨ-ге қатынасы, %	3,8	4,3	5,2	6,3	8,0
Клиенттер депозиттерінің ЖІӨ-ге қатынасы	15,0	18,6	21,8	29,0	34,6

¹ - 01.01.06ж. жағдай бойынша ақпарат "Қазақстан Даму Банкі" ЖАҚ деректерін ескермей берілген;

² – "Қазақстанның тұрғын үй құрылыс жинақ банкі" АҚ-ы; "Эксімбанк" ААҚ-ы мемлекеттік үлесті сатып алуды жүзеге асырды.

³ – уәкілетті орган бекіткен екінші деңгейдегі банктердің пруденциалдық нормативтері туралы Ережеге сәйкес;

⁴ – "Арнайы тағайындалған еншілес ұйымдардың салымдары" 2222 шотын ескеріп;

⁵ – клиенттердің депозиттері туралы ақпарат клиенттердің ағымдағы шоттарын ескере отырып берілген.

⁶ – 2005 жылғы болжам деректері.